**Қарақия ауданы бойынша 2009 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер тізбесін бекіту туралы**

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 53 қаулысы. Қарақия ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 наурызда N 11-4-79 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-II Заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесі» 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 және «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2008 жылғы 04 желтоқсандағы N 96-V Заңын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ;**

1.Қарақия ауданы бойынша 2009 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кент, село әкімшіліктерінің және мемлекеттік коммуналдық мекемелер тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2.Қоғамдық жұмыс түрлерін ұйымдастыру Қарақия ауданының село әкімдеріне тапсырылсын және жіберілетін ұйымдарға ұсынылсын.

3.Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі (М.Қыдырқожа) аудандық бюджеттен 2009 жылға қаралған қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

4.Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Е.Бегниязов) осы қаулының 1-тармағына сәйкес қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

5.Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Сүйеуоваға жүктелсін.

6.Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ч.Абилов*

Аудан әкімінің орынбасары Г. Сүйеуова _______«__»_____2009ж (қолы)

Аппарат басшысы С. Мұқанов _______«__»_____2009ж (қолы)

Әкім аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің жетекшісі С.Молжігітов_______ «__» _______2009ж (қолы)

Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімінің бастығы М.Қыдырқожа _______ «__»______2009ж (қолы)

Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Е. Бегниязов _______«__»_____2009ж

Аудан әкімдігінің "Қарақия ауданы бойынша 2009 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер тізбесін бекіту туралы 2009 жылғы "___ "___________ N ____ қаулысына қосымша

**Қарақия ауданы бойынша 2009 жылға жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер мен кәсіпорындар тізбесі.**

| | | Қоғамдық жұмыстарға жіберілетін жұмыссыздардың саны | Айлық жалақының көлемі | Жіберілген мерзімнің уақыты | Жұмыс көлемі | Жұмыстар түрлері | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Құрық селосы әкімінің аппараты | 80 | Республикалық бюджеттен бекітілген ең төменгі жалақы мөлшерінде | 3-6 ай мерзім аралығында қабылдау | Келісім-шарт негізінде | Көше тазалығы, көгалдандыру, ішкі жұмыстар, кәсіби біліктілікті қажет етпейтін, ұсақ құрлыс жұмыстары, жолдарды жеңіл жөндеуден өткізуге көмектесу. | Жергілікті бюджет |
| 2. | Жетібай кент | 70 | -//- | 3-6 ай | -//- | -//- | -//- |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | әкімінің аппараты | | | | | | |
| 3. | Мұнайшы кент әкімінің аппараты | 60 | -//- | 3-6 ай | -//- | -//- | -//- |
| 4. | Сенек селолық округі әкімінің аппараты | 50 | -//- | 3-6 ай | -//- | -//- | -//- |
| 5. | Бостан селолық округі әкімінің аппараты | 40 | -//- | 3-6 ай | -//- | -//- | -//- |
| 6. | Құланды селолық округі әкімінің аппараты | 40 | -//- | 3-6 ай | -//- | -//- | -//- |
| | Барлығы | 260 | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК